

"Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру жолымен "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 1256 қаулысы.

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 қаулысына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінен қаланың коммуналдық мүлкін басқару жөніндегі функцияларды бөлу жолымен "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" және "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемелерінің қоса берілген ережелері бекітілсін.

3. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 18 наурыздағы № 869 қаулысы жойылсын.

4. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы жоғарыда көрсетілген ережелердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін.

Әкім

Б. Жақыпов

Қостанай
қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 21 сәуірдегі
№ 1256 қаулысымен
бекітілген

"Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 23.08.2022 № 1688 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қала бюджетін атқару, бюджеттік есепті және қалалық бюджеттің атқарылуы бойынша есептілікті жүргізу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 98.

10. Осы Ереже "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамада кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 15.06.2026 № 1163 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- 1) түсімдер мен шығыстар бойынша қалалық бюджетті атқару;
- 2) қалалық бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есеп пен есептілікті, мониторингті жүргізу.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан және өзге де ұйымдардан "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті ақпарат, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;

жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша секвестр белгіленетін бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төлемдерді жүзеге асыруды тоқтата тұру ;

қалалық бюджетті атқару бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қызметін үйлестіру;

қалалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелермен Қазақстан Республикасының қалалық бюджеттің орындалуы туралы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға бақылауды жүзеге асыру.

2) Міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау; өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) қалалық бюджетті атқаруды ұйымдастыру және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті атқару жөніндегі қызметін үйлестіру;

2) өтімділікті басқаруды жүзеге асыру;

3) төлемдер бойынша түсімдер және қаржыландырудің жиынтық жоспарын, қалалық бюджеттің міндеттемелері бойынша жиынтық жоспарды құрастыру, бекіту;

4) түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, қалалық бюджеттің міндеттемелері бойынша жиынтық жоспарға өзгерістер енгізу;

5) қалалық бюджеттің атқарылуына бюджеттік есеп жүргізу, қаржылық және шоғырландырылған қаржылық есептілік;

6) бюджеттік мониторингті жүзеге асыру;

7) бюджеттік кредиттердің тіркелуін, есепке алуды, мониторингті қамтамасыз ету, бюджеттік кредиттерді өтеуді және қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

8) мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қостанай қаласы әкімдігінің нормативтік құқықтық және нормативтік емес актілерінің жобаларын дайындау және келістіру;

9) өз құзыреті шегінде бірыңғай бюджеттік сыныптаманың бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының кодтары бойынша бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын қалалық бюджеттен қайтаруды және (немесе) есепке жатқызуды қамтамасыз ету.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 15.06.2026 № 1163 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын лауазымына Қостанай қаласының әкімі тағайындайды және қызметтен босатады.

18. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

"Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан әрекет етеді;

барлық ұйымдарда "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүддесін қорғайды;

заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікті басқарады;

шарттар жасасады;

сенімхаттар береді;

қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие;

барлық қызметкерлерге орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

"Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

әкімдік актілерінің жобаларын дайындау кезінде оның "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нормативтік емес құқықтық акті немесе нормативтік құқықтық акті болып табылатынын анықтайды;

әзірлеуші органы мемлекеттік мекеме болып табылатын әкімдіктің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу, қабылдау және кейіннен мемлекеттік тіркеу барысына тікелеу бақылау жасайды;

жобалардың уақтылы, сапалы әзірленуіне, ресімделуіне және әкімдікке белгіленген мерзімдерде ұсынылуына, сонымен қатар жобалардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің түпнұсқалылығына дербес жауапты болады.

"Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4 - тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" **мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі қаланың коммуналдық меншігін басқару саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Толстой көшесі, 74.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы қаланың коммуналдық меншігін тиімді басқару.

15. Міндеттері:

- қаланың коммуналдық меншігін басқару;

16. Функциялары:

1) мемлекеттік органдардың мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік сатып алулар бойынша жиынтық есепті құрастыру саласындағы жұмысын үйлестіруді жүзеге асыру;

2) коммуналдық мүлік тізілімін жүргізу, қаланың коммуналдық мүлкін пайдалануға мониторингті жүзеге асыру;

3) қаланың коммуналдық мүлкінің пайдаланылуын және сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

4) қаланың коммуналдық мүлік объектілерін жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға мүліктік жалдауға (жалға алуға), кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне өтеусіз негізде ұсыну, сондай-ақ қаланың коммуналдық мүлкін кепілдікке және өтеусіз пайдалануға беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға беру жұмыстарын жүргізу;

5) қаланың коммуналдық мүлкін (тұрғын емес мақсатта) жалға алушылар шегінде жалгерлік ақыны (айыппұлдар) есептеуді және қала бюджетіне жалгерлік төлемдердің уақтылы және толық түсуіне бақылауды жүзеге асырады;

6) жекелеген негіздер бойынша қаланың коммуналдық меншігіне айналдырылған (түскен) қаланың мүлкін есепке алуды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалануды ұйымдастыру;

7) сенімгерлік басқарушының қаланың коммуналдық мүлкін сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындауына бақылауды жүзеге асыру;

8) қаланың коммуналдық мүлкін жекешелендіруді жүзеге асыру, оның ішінде жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тарту, жекешелендіру объектісінің бағалауын қамтамасыз ету, жекешелендіру объектісінің сату-сатып алу шарттарын дайындау мен жасасуды және сату-сатып алу шарттарының талаптарын сақтауға бақылауды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды өз құзыретінің шегінде жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан және өзге де ұйымдардан "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті ақпарат, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын лауазымына Қостанай қаласының әкімі тағайындайды және қызметен босатады.

20. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан әрекет етеді;

2) барлық ұйымдарда "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүддесін қорғайды;

3) заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікті басқарады;

4) шарттар жасасады;

5) сенімхаттар береді;

6) қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие;

7) барлық қызметкерлерге орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

9) әкімдік актілерінің жобаларын дайындау кезінде оның "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нормативтік емес құқықтық акті немесе нормативтік құқықтық акті болып табылатынын анықтайды;

10) әзірлеуші органы мемлекеттік мекеме болып табылатын әкімдіктің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу, қабылдау және кейіннен мемлекеттік тіркеу барысына тікелеу бақылау жасайды;

11) жобалардың уақтылы, сапалы әзірленуіне, ресімделуіне және әкімдікке белгіленген мерзімдерде ұсынылуына, сонымен қатар жобалардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің түпнұсқалылығына дербес жауапты болады;

12) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Қостанай қаласы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК